

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымы МККК «Алтын бесік» балабақшасы

Топ «Гүлдер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі 20-24наурыз 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі/ Примерный режим дня	Дүйсенбі / Понедельник 20.03.2023				Жұма / Пятница 24.03.2023
<b>Балаларды қабылдау / Прием детей</b>	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйінді көрсет» ойын жаттығуын ойнату .Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланын жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру /Беседа с родителями, консультации</b>	Ата-аналармен жұмыс:Балалардың демалыс күндерін қалай,қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)/ Самостоятельная деятельность детей (игры малой подвижности, настольные игры, изодеятельность, рассматривание книг и другие)</b>	<b>Үстел үсті ойыны:</b> «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу. <b>Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b>				<b>Үстел үсті ойыны:</b> Не қайда орналасқан. Мақсаты:берілген пішіндердің орнын дұрыс тауып,орнына орналастыру.
<b>Таңертенгі жаттығу/ Утренняя гимнастика</b>	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату . <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
<b>Таңғы ас/Завтрак</b>	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық/</b>  <b>Подготовка к организованной деятельности (далее - ОД)</b></p>	<p><b>Күн жарқырап, шөп өсті»</b>  Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.  <b>Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b></p>				<p><b>Шаштараз қалай жұмыс істейді?</b>  Қуыршаққа көрсетеміз  Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. Құрал-жабдықтарын атауға үйрету.  <b>Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет /ОД по расписанию организации образования .</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  Педагог жоспары бойынша.</p>				<p><b>Дене шынықтыру</b>  Педагог жоспары бойынша.</p>
<p><b>2-ші таңғы ас /2-ой завтрак</b></p>	<p>Асын,асын, асына,  Береке берсін басына,  Дастарханын мол болсын,  Уайым қайғы жоқ болсын...</p>				
<p><b>Серуенге дайындық /</b>  <b>Подготовка к прогулке</b></p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету;  Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (<b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>).  Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				
<p><b>Серуен /Прогулка</b></p>	<p>Картотека 14</p>				<p>Картотека 18</p>
<p><b>Серуеннен оралу /</b>  <b>Возвращение с прогулки</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.  Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес ойын әрекеті</b>).</p>				
<p><b>Түскі ас/Обед</b></p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын</p>				

	<p>қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы/ Дневной сон</b></p>	<p>Ұйқыға арналған әуен қосу.</p>				<p>Ұйқыға арналған әуен.</p>
<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары/ Постепенный подъем, оздоровительные процедуры</b></p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p>				
<p><b>Бесін ас/ Полдник</b></p>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)/Самостоятельная деятельность детей (игры малой подвижности, настольные игры, изодеятельность, рассматривание книг и другие)</b></p>	<p>22 Наурыз жайында қысқаша түсіндіріп кету.<b>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша көктем мезгіліне байланысты суреттерді салып ,бояуға дағдыландыру. Сурет салу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Екінші топта дайын суреттерді бояу.</p>				<p>Құстарды салып,бояу дағдыларын қалыптастыру. Бояу барысында тазалық шараларын сақтау. Қарандаштарды ұқыпты пайдалану.</p>

	(мүсіндеу, сурет салу)				
<b>Балалармен жеке жұмыс/ Индивидуальная работа с детьми</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Айсұлтанның ұсақ қол моторикасын дамыту. <b>Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту</b>				<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Ансардың ұсақ қол моторикасын дамыту. <b>Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс- әрекетін дамыту.</b>
<b>Серуенге дайындық/ Подготовка к прогулке</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту.  Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
<b>Серуен / Прогулка</b>	Картотека 14				Картотека 18
<b>Балалардың үйге қайтуы / Уход детей домой</b>	Балаларды жақсы көңіл күймен шығарып салу.				Ата-аналарға жақсы демалуға тілек білдіру.

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.

